

Қазақстан Республикасының экономикасы салаларында еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту жөніндегі 1997-2000 жылдарға арналған негізгі бағыттар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 89

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының экономикасы салаларында еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту жөніндегі 1997-2000 жылдарға арналған негізгі бағыттар мақұлдансын.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар:

республиканың, аймақтардың және экономика салаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының экономикасы салаларында еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту жөніндегі 1997-2000 жылдарға арналған негізгі бағыттарда көзделген шараларды барынша ескерсін;

2000 жылға дейін кезеңде өндірістегі еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құжаттамаларды әзірлеуді аяқтасын;

жыл сайын, 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының экономикасы салаларында еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту жөніндегі 1997-2000 жылдарға арналған негізгі бағыттардың жүзеге асырылуы туралы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ақпарат беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне әр жылдын қорытындысы бойынша 1 сәуірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қаулысын орындаудың барысы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 қаңтардағы
N 89 қаулысымен
Мақұлданған

Қазақстан Республикасының экономикасы салаларында
еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту жөніндегі
1997-2000 жылдарға арналған
Негізгі бағыттар

Кіріспе

Қазақстан Республикасының экономикасы салаларында еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту жөніндегі 1997-2000 жылдарға арналған негізгі бағыттар "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 22 қантардағы N 1915-XII қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 желтоқсандағы N 1270 қаулысына сәйкес әзірленді.

Негізгі бағыттар құқықтық, ұйымдық-техникалық және әлеуметтік-экономикалық шараларды әзірлеу мен жүзеге асырудың есебінен өндірісте еңбектің қолайлы жағдайларын қамтамасыз етуді, өндірістік жарақаттануды ескеरту мен алдын алуды, еңбек процесінде адамның өмірі мен денсаулығын сақтауды көздейді.

Статистикалық деректер көрсеткендегі, Қазақстан Республикасы экономикасының салаларында санитарлық-гигиеналық нормативтерге жауап бермейтін жағдайларда барлық қызметкерлердің 13,5%-і жұмыс істейді, жыл сайын өндірісте 15 мыңға жуық бақытсыз жағдайлар болып тұрады, бұл ретте орташа алғанда 600 адам, олардың 70%-тен астамы - агрономдар кешені, құрылым, көлік, энергетика, өнеркәсіп және сауда ұйымдары мен шаруашылықтарында, қазаға ұшырайды. Кәсіби аурулардың деңгейі ұдайы өсіп келеді. Бақытсыз жағдайлар мен кәсіби аурулардың әлеуметтік және материалдық зардалтары өте жоғары. Жыл сайын өндірістік жарақаттану 1,5-2,0 мың адамның мүгедектігіне себепкер болуда. Жарақаттың салдарынан күн сайын 2-3 мың адам жұмысқа шықпайды. 1995 жылы женілдіктер мен өтемақыларды төлеуге 15,0 млрд. астам теңге бөлінді (1 қосымша, 1-5 кестелер).

Еңбекті қорғаудағы қалыптасқан жағдай республикада "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының қанағаттанғысыз жүзеге асырылуының салдары болып табылады. Экономиканың барлық салаларында еңбекті қорғауға арналған шығындардың күрт қыскаруы байқалуда, күрделі құрылым, техникалық қайта жабдықтау құлдилауда, өндірістің техникалық жарақтану деңгейі төмендеуде. Ұйымдар қауіпсіздік аспаптарымен, санитарлық-тұрмыстық мекен-жаймен, арнаулы киіммен, жеке басты қорғау құралдарымен мейлінше жеткіліксіз қамтамасыз етілген.

Бұл негізгі өндірістік қордың тозуы өнеркәсіпте 46,6%, көлікте - 37,5%, машина

жасауда - 47,6% құраумен байланысты болып отыр. Еңбек қорғау жөнінде мамандарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелеріне көніл бөлу әлсіреді. Қаржыландырудың болмауынан бірқатар салалық министрліктерде біліктілікті арттыру институттары жұмыс істемей түр, жоғары оқу орындарында "Еңбек қорғау" пәнін оқытуға бөлінген оқыту бағдарламалары мен сағаттары қысқартылған. Тау-кен өнеркәсібіндегі жұмыстың қауіпсіздігі жөніндегі Қазақ мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты (ҚазТӨЖКФЗИ), Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жаңындағы Қазақ агрономикалық жаңындағы ғылымдармен жабылудың алдында.

Қазақ гигиена және кәсіби аурулар ғылыми-зерттеу институты көптеген қындықтарды бастаң өткеруде. Аталған институттар еңбек қорғау саласында іргелі зерттеулермен айналыспастаң ұйымдармен жасалған шарттар бойынша жекелеген жұмыстарды орындаиды.

Еңбек қорғауды басқару мен бақылаудың бүрын болған мемлекеттік жүйелерінің ыдырауы жағдайында ұйымдарда тікелей алдын алу жұмыстарының күрт нашарлауы байқалуда, барлық жерде еңбек және өндірістік тәртіп деңгейі төмендеуде. Осы салада құқықтық, ұйымдық және экономикалық қатынастарды әлеуметтік қорғау жүйесі жетілдірілмеген және мемлекеттік саясаттың мәні болған жоқ. Барлық жерде, әсіресе экономиканың мемлекеттік емес секторларында қызметкерлердің еңбегін қорғауға, оларға келтірілген жарақаттардың немесе кәсіби аурулардың залалын өтеуге арналған құқықтарын көптеген бұзулар нормага айналып барады.

Экономиканың салаларында еңбек жағдайлары мен оны қорғауды түбегейлі жақсарту тек құқықтық, ұйымдық, техникалық және басқа да шаралардың бүтіндей кешенін жүзеге асырған кезде ғана мүмкін болатындығының нәтижесінен "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын табысты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы экономикасының салаларында еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту жөніндегі 1997-2000 жылдарға арналған негізгі бағыттар әзірленді.

I. Еңбек қорғауды құқықтық және нормативтік қамтамасыз ету

Осы бөлімдегі шаралардың басты мақсаты "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін құқықтық және нормативтік базаларды жетілдіру болып табылады (2-қосымша). Олардың ішінде жұмыс берушілердің еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсартуға арналған жауапкершіліктерін, еңбек процесіне қатысатын қызметкерлердің еңбек қорғауға және әлеуметтік қорғаудың қажетті деңгейінің құқықтарына мемлекеттік кепілдіктерді күшайтетін шаралар көзделді.

1997-2000 жылдар ішінде еңбек қорғау жөніндегі орталық атқарушы органдар актілерінің қолданылып жүргендерін қайта қарau және жаңаларын әзірлеу жөнінде шаралар жоспарланды.

Бір мезгілде бұрынғы КСРО министрліктері мен ведомстволары бекіткен, көпшілігі өзінің құқықтық маңызын жоғалтқан, қазіргі талаптарға жауап бермейтін еңбек қорғау жөніндегі салааралық және салалық ережелерді, нұсқаулықтарды және басқа да жетекші құжаттарды қайта өндешеу көзделуде.

Арнаулы бағдарламалар мен кестелер бойынша еңбек қауіпсіздігі, гигиеналық нормативтер, санитарлық нормалар мен ережелер, технологиялық процестерді ұйымдастыру мен өндірістік жабдықтарға гигиеналық талаптар саласындағы Қазақстан Республикасының стандарттарын әзірлеу жүргізілетін болады.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өндірістің сапасын сертификациялаудың мемлекеттік жүйесін жасау алда тұр.

II. Өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алууды техникалық қамтамасыз ету

Жарақаттанудың алдын алу техникалық қамтамасыз ету қол және ауыр дene енбегінің үлесін қысқартуға, еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасының деңгейін арттыруға бағытталған, жұмыс істеп тұрған өндірісті қайта жарақтандыру және қайта жаңғырту жөніндегі инженерлік-техникалық шаралар кешенін жүзеге асыруды көздейді. 1997-2000 жылдар кезеңінде техникалық қайта жарақтандыру мен қайта жаңғыртуға меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар өндірістегі санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсартуды: өрт, жарылу қауіпсіздігінің деңгейін арттыруды, жұмыс орындарындағы шаңданудың, газданудың, шудың және дірілдің деңгейін нормативтік талаптарға дейін төмендетуді қамтамасыз ететін өз қаржыларын қарастырулары қажет.

Мұдделі министрліктерге, меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдарға санитарлық-гигиеналық сипаттамасы жақсартылған жаңа машиналар мен тетіктерді құрастыру жөнінде зерттеулер жүргізіletіn болады. Иондаушы сәулелену көздері бар жұмыстардың қауіпсіздігін, адамдарды статистикалық электрдің әсерінен қорғауды, сондай-ақ тиімді желдетуді, жұмыс аймағынан зиянды заттарды ұстауды және алып тастауды қамтамасыз ететін жаңа әдістер мен құралдарды әзірлеу және пайдалану белгіленіп отыр. Негізгі бағыттармен Қазақстан Республикасының ұйымдары үшін қажетті жабдықтардың тізбесі көзделеді (3-қосымша).

Меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдар жаңадан санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар салуға және олардың қолда барын кеңейтуге, жұмыс істеп тұrған ұйымдарда жеке басты қорғау құралдарын шығаруға назар аударуы тиіс. (4,5-қосымшалар).

Мүгедектер, зағиптар, саңыраулар қоғамдарының өндірістік ұйымдарында, протез-ортопедия заводтарында, интернат-үйлердің жаңындағы емдеу-өндірістік

шеберханаларында, сондай-ақ, мүгедектердің еңбегін қолданатын еңбек жағдайлары әдеттегідей ұйымдарда еңбектің қауіпсіздігі мен оны қорғау жөніндегі инженерлік-техникалық шаралардың кешені көзделетін болады. Мүгедектер еркін кіре және пайдалана алатын арнаулы жабдықталған жұмыс орындарымен қамтамасыз етілетін болады. Оның үстіне мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне баруы және оларды пайдалану үшін арнаулы құралдар жасалады және енгізіледі.

III. Еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз ету

Бөлімдегі шаралардың басты мақсаты еңбек қорғау саласындағы ғылыми-зерттеулердің көлемін кеңейту мақсатында республикада қажетті ғылыми-техникалық база құру болып табылады (6-қосымша).

Негізгі бағыттар мынадай шараларды:

мамандануын ескере отырып олардың қызметін айқындау үшін еңбек қорғау саласындағы сақталып келген ғылыми кадрлардың және маманданған ұйымдардағы ғылыми-зерттеу базаларының әлеуетін зерделеуді;

еңбек қорғау жөніндегі жұмыс істеп тұрған институттардың біреуінің базасында бөлінген қаражаттардың шегінде еңбек қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіру жөнінде Республикалық орталық ұйымдастыруды;

2000 жылға дейін зерттеулердің жоғары ғылыми деңгейін және ғылымның өндіріспен кіргіуін қамтамасыз ету үшін әртүрлі бағыттағы ғалымдарды тарта отырып еңбек қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсатты бағдарламасын әзірлеуді жүзеге асыруды көздейді.

Меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар объектілерді жобалау, машиналарды, тетіктерді, жабдықтарды құрастыру, технологиялық процестерді, әзірлеу, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру кезінде зерттеулердің нәтижелерін пайдалануы керек.

IV. Мамандарды кәсіби даярлау және еңбек қорғау жөнінде оқыту. Кәсіби іріктеу

Өндірістегі бақытсыз жағдайлардың себептерін талдау, олардың жартысынан көбі төмен кәсіби даярлықтың, зардап шеккендердің еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді, жұмыстарды қауіпсіз жүргізуудің әдістерін нашар білуінің немесе мүлде білмеуінің, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен инженер-техникалық қызметкерлерінің бұл саладағы білім деңгейінің жеткіліксіздігінің салдарынан болатынын көрсетті. Бұл қазіргі кезде республикада еңбек қорғау жөніндегі білім жүйесінің іс жүзінде жоқтығына байланысты. Жоғары мектеп жүйесінде лабораториялардың жеткіліксіз қаржылануынан, техникалық нашар жарақтануынан, ғылыми-педагогикалық кадрлардың жоқтығынан туындаған "Еңбек қорғау" пәнін оқытуға бөлінген сағаттарды

азайту тенденциясы, лабораториялық практикумды жою, курс бойынша емтихандарды сынақтармен ауыстыру байқалады. Салалық министрліктер мен ведомстволардың еңбек қорғау бойынша мамандар даярлау мен қайта даярлау жөніндегі жұмыстарды тоқтатылды, бұрын жұмыс істеген біліктілікті арттыру институттарының жұмыстары тоқтап тұр. Осы проблема жөнінде қабылданған Үкіметтің қаулылары орындалмай келеді.

Негізгі бағыттарда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде республиканың жоғарғы оқу орындарында еңбек қорғау жөнінде мамандар даярлау көзделген. Қазіргі кезде "Эргономика және еңбек қорғау" мамандығы бойынша студенттерді даярлау Қазақ сәулетқұрылыс академиясында, Шығыс Қазақстан техникалық университетінде, Қарағанды техникалық университетінде жүргізіледі. Экономиканың әртүрлі салаларындағы мамандардың біліктілігін арттыру үйымдастырылатын жоғары оқу орындары мен орталықтардың тізбесі айқындалды.

Білім министрлігі жоғары білімнің оқу сағаттарының көлемі айтартықтай кеңейтілген "Эргономика және еңбекті қорғау" мамандығы көздейтін мемлекеттік стандартты әзірлеуде. Айрықша қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлерді еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне бағдарламалық үйретудің жүйесі мен психологиялық даярлаудың әдістері әзірленетін және күшіне енгізілетін болады. Кәсіби іріктеу мәселелеріне, әсіресе қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау кезінде, маңызды мән беріледі (7-қосымша).

V. Жұмыс берушілердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау жөніндегі қызметін ынталандыру тетігін қалыптастыру

Шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларында экономикалық тұтқаларды қолданбай еңбек қорғауды тиімді басқаруды қамтамасыз ету іс жүзінде мүмкін емес. Осыған байланысты шаруашылық жүргізуши субъектілерге қамтамасыз ету саласындағы олардың қызметін ынталандыратын, ықпал етудің экономикалық тетігін құру өзекті міндет болып отыр.

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес үйымдардың еңбек қорғау жөніндегі талаптарды қамтамасыз етпегені үшін, нормативтік талаптарға жауап бермейтін өндірістік тұрғыдағы өнімдерді шығарғаны және өткізгені үшін, қызметкерлерге жаракаттанумен, кәсіби аурулармен немесе өзгедей денсаулығын зақымдаумен келтірілген зиян үшін үйымдардың экономикалық жауапкершілігі жөнінде бірқатар заң және нормативтік актілер әзірлеу белгіленіп отыр. Лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту және кәсіпорындарға айыппұлдар салу шаралары көзделуде. Жобада - мамандандырылған және жобалау-құрастыру үйымдарының өндіріс құралдары мен жаңа технологиялардың жобаларын еңбекті

қорғау нормалары мен жаңа талаптарын бұза отырып әзірлегені үшін залалды өтеу жөнінде нормативтік акт дайындау.

Жұмыс берушіге экономикалық әсер ету шараларын жүзеге асыру үшін еңбек жағдайлары ахуалы мен өндірістік жарақаттанудың деңгейіне байланысты сақтандыру жарнасының жекелеген тарифтерін енгізуге мүмкіндік беретін үйымдарды өндірістік тәуекелдік сыйыптары бойынша топтау жүйесі қажет.

VI. Негізгі бағыттарды жүзеге асырудың күтіліп отырған нәтижелері

Негізгі бағыттардың шаралары өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алуға, өндірісте салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға бағдарланған. Оларды жүзеге асырудың нәтижесінде өндірісті қайта жаңарту мен техникалық қайта жарақтандырудың және жұмыс берушілердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын туғызуға мүдделігі мен жауапкершілігін арттырудың есебінен жұмыс істеушілерге зиянды және қауіпті факторлардың әсерлерін едәуір төмендету күтілуде.

Негізгі бағыттардың шараларын жүзеге асыру:

- нарықтық экономиканың талаптарын ескере отырып, еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің принципі жаңа зандар және нормативтік базасын құруға;

мемлекеттік басқару органдары мен кәсіпкерлердің еңбекті қорғау саласындағы ықпалының экономикалық және құқықтық тетіктерін жолға қоюға;

өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу үшін қажетті база құруға, еңбекті қорғауды жақсартудың басты шарттарының бірі ретінде өндірістің техникалық деңгейін көтеруге;

еңбек қорғау мен ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізу саласында ғылыми зерттеулердің көлемін кеңейтуді қамтамасыз етуге;

еңбек қорғау жөніндегі мамандарды және инженерлік-техникалық қызметкерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін қалпына келтіруге, еңбек қорғау жөнінде кәсіби іріктеудің және оқытуудың тиімділігін арттыруға;

республикада, басқа мемлекеттерден сатып алушмен бір мезгілде қауіпсіздік пен бақылаудың жаңа техникалық құралдары мен аспаптары өндірісін үйымдастыруға;

жұмыс істеушілерді арнаулы киімдермен, арнаулы аяқ киімдермен және басқа да жеке басты қорғау құралдарымен қамтамасыз етуді және оларды шығаруды жолға қоюға, еңбекшілерге арналған жаңа санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар салуды және жұмыс істеп тұргандарын кеңейтуді үйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлы есептер көрсетіп отырғанындей, белгіленген шараларды

жүзеге асыру санитарлық-гигиеналық нормативтерге жауап бермейтін жағдайларда жұмыс істейтіндердің санын азайтуға мүмкіндік береді. Экономикалық жағынан алып қарағанда негізгі бағыттарды жүзеге асырудың нәтижелері жұмыс уақытын өндірістік емес шығындардың, денсаулыққа келтірілген залал мен зиянды еңбек жағдайында жұмыс істегені үшін қосымша ақы мен өтемақының айтарлықтай қысқаруынан, өндірісте зардап шеккендерді емдеу мен оналту шығыстарының қысқаруынан көрінетін болды.

1-Қосымша 1 кесте

Колайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін
қызметкерлердің саны (1995 жылы)

Облыс	Сала	Тізімдік саны	Еңбек жағдайлары
	(мың адам)		
	бар. оның қолайыз қолайсыз		
	лығы ішінде еңбек еңбек		
	жұмыс. жағдай. жағдайын.		
	шылар ларында дағы жұмыс		
	жұмыс орындары		
	істейтін (мың		
	қызмет. бірлік)		
	керлер		
	(мың		
	бірлік)		
1	2	3	4 5 6

Қазақстан Республикасы	3600,8	2472,4	486,3	190,9
1.Өнеркәсіп	1351,8	1042,7	343,6	129,5
2.Көлік және				
байланыс	598,5	427,0	33,3	12,0
3.Күрүліс	344,2	263,7	38,2	16,7
4.Кеңшарлар	663,1	544,9	22,0	15,7

5.Денсаулық

сақтау	643,2	194,1	49,2	17,0
Ақмола	255,2	181,5	21,4	8,3
Ақтөбе	155,3	105,1	10,8	4,2
Алматы	121,3	83,6	6,5	2,1
Алматы қаласы	247,5	125,5	18,4	7,8
Атырау	111,6	79,8	8,8	2,2
Шығыс Қазақстан	215,7	147,0	59,0	33,9
Жамбыл	201,0	135,5	16,5	6,3
Жезқазған	139,9	106,2	26,7	8,1
Батыс Қазақстан	94,2	59,0	12,1	2,3
Қарағанды	353,3	259,9	101,7	44,8
Қызылорда	100,1	65,1	4,6	4,1
Көкшетау	195,2	140,0	15,6	8,0
Қостанай	224,7	160,1	28,2	12,7
Маңғыстау	97,0	63,8	18,9	6,1
Павлодар	276,5	185,4	59,7	16,5
Солтүстік Қазақстан	175,9	118,7	17,1	4,9
Семей	108,5	70,8	21,5	5,0
Талдықорған	85,7	53,3	7,3	2,5
Торғай	75,3	51,5	6,6	4,7
Оңтүстік Қазақстан	356,6	245,9	25,0	6,3

2-кесте

Республика экономикасының салаларындағы женілдіктер
мен өтемдер (1995 жылы)

Облыс	Сала	Женілдіктер мен өтемдер			
		 қосым. женілдікті	женілдік.	 ша зейнетақыға тер мен	 дема. құқық өтемдерге
		 лыстар	жұмсалған		
		мың N 1 N 2	жалпы		
		адам тізім тізім сома,			
			бойынша бойынша млн.теңге		
			мың мың		
			адам адам		

Қазақстан Республикасы	783,5	127,1	223,6	15250,8
1.Өнеркәсіп	494,1	112,1	164,3	13002,4
2.Көлік және				
байланыс	107,7	3,3	22,0	756,9
3.Құрылым	71,8	6,3	25,6	792,0
4.Кеңшарлар	17,7	1,1	1,7	209,7
5.Денсаулық				
сақтау	92,2	4,3	10,0	489,8
Ақмола	38,5	4,2	13,1	7843,2
Ақтөбе	31,5	3,7	6,8	788,4
Алматы	11,0	0,1	2,4	79,6
Алматы қаласы	39,8	3,1	10,7	3,8
Атырау	14,0	0,9	5,6	542,0
Шығыс Қазақстан	104,7	21,5	20,3	1070,8
Жамбыл	37,8	4,3	6,9	184,2
Жезқазған	47,1	15,5	15,1	738,2
Батыс Қазақстан	15,7	0,7	5,1	178,4
Қарағанды	138,9	38,9	46,9	1046,7
Қызылорда	14,1	0,4	1,4	232,5
Көкшетау	19,9	1,2	4,4	120,3
Қостанай	48,8	7,1	18,6	306,6
Маңғыстау	33,4	6,3	11,8	553,9
Павлодар	78,6	4,7	29,1	633,4
Солтүстік Қазақстан	25,6	0,7	4,3	265,2
Семей	20,8	1,9	5,2	124,1
Талдықорған	11,5	2,6	3,1	82,2
Торғай	6,7	0,1	1,8	53,6
Оңтүстік Қазақстан	45,2	8,9	11,0	403,6

3 кесте

Өндірістегі жарақаттану (1990-1995 жылдары)

Жыл	Жұмыс	Бақытсыз жағдай	Оның ішінде	Еңбекке
	істеушілердің кезінде зардап кісі өлімі, жарамсыз			
	тізімдік саны, шегушілердің адам			болған күндер

|мың адам |саны, адам |саны, мың
| | |адам-күні

	1	2	3	4	5
1990	6460,5	38279	1004	1032,2	
1991	6404,3	36151	925	1031,6	
1992	6073,7	31888	920	907,8	
1993	5736,4	25982	894	950,2	
1994	5080,6	18496	784	634,1	
1995	4663,0	13511	549	564,4	

1000 жұмыс |1000 жұмыс |Бір бақытсыз |Бақытсыз |Өндірісте еңбек
істеушіге |істеушіге |жағдайдан |жағдайлардың|жағдайларын
шаққандағы |шаққандағы |еңбекке |материалдық |жақсартуға
бақытсыз |кісі өлімі |жарамсыздықтың|салдары, |жұмсалған
жағдайдың |болған |орташа |млн. теңге |шығындар,
саны |бақытсыз |ұзақтығы, күн | | |млн. теңге

|жағдайлар | | | |
|саны | | | |

	6	7	8	9	10
5,9	0,155	26,7	13,8*	345,5*	
5,6	0,144	28,5	20,6*	526,3*	
5,3	0,151	28,5	252,3*	5418,1*	
4,5	0,156	36,9	11,5	174,3	
3,4	0,149	34,2	90,0	2711,5	
2,9	0,118	41,7	1419,4	4110,7	

<*>

. Ескерту. млн. соммен

4-кесте

Облыстар бойынша өндірістегі бақытсыз жағдайлар кезінде
зардал шеккендер (қайтыс болғандарды қоса) саны (адам)

Облыс	Барлығы		1000 жұмыс істеушіге шаққанда								
	1993	1994	1995	1993	1994	1995	жыл	жыл	жыл	жыл	жыл
Қазақстан Республикасы	25982	18478	13511	4,5	3,44	2,89					
Ақмола	2178	1429	1198	6,5	4,73	3,99					
Ақтөбе	1057	675	463	4,0	2,87	2,13					
Алматы	743	519	234	3,1	2,48	1,16					
Алматы қаласы	937	646	488	2,4	1,76	1,25					
Атырау	190	169	145	1,3	0,85	0,99					
Шығыс Қазақстан	1802	1265	1163	5,2	3,92	3,93					
Жамбыл	690	603	359	2,2	1,73	1,48					
Жезқазған	457	362	438	2,8	2,26	3,05					
Батыс Қазақстан	1187	830	571	4,9	3,80	2,91					
Қарағанды	5014	4310	3117	9,4	9,40	7,09					
Қызылорда	173	67	93	1,0	0,48	0,44					
Көкшетау	1591	1117	1034	6,5	4,88	4,92					
Қостанай	2117	1454	983	5,0	3,77	2,85					
Манғыстау	226	128	154	1,7	1,24	1,55					
Павлодар	1552	1084	839	4,4	3,57	3,07					
Солтүстік Қазақстан	2258	1752	882	9,5	5,53	4,67					
Семей	1258	938	555	4,6	3,31	3,29					
Талдықорған	1223	402	225	4,7	1,98	1,26					
Торғай	665	353	298	7,1	3,85	3,17					
Оңтүстік Қазақстан	660	375	272	1,2	0,77	0,66					

5-кесте

Облыстар бойынша өндірістегі бақытсыз жағдайлар кезінде қайтыс болғандар саны (адам)

Облыс	Барлығы	1000 жұмыс					
		істеушіге шаққанда					
		1993	1994	1995	1993	1994	1995
		жыл	жыл	жыл	жыл	жыл	жыл

Қазақстан Республикасы	894	784	549	0,156	0,149	0,118
Ақмола	60	38	40	0,178	0,125	0,133
Ақтөбе	58	52	26	0,213	0,190	0,119
Алматы	24	47	20	0,100	0,213	0,099
Алматы қаласы	51	38	22	0,130	0,149	0,056
Атырау	36	18	21	0,243	0,120	0,143
Шығыс Қазақстан	49	36	33	0,140	0,110	0,112
Жамбыл	24	35	19	0,078	0,127	0,078
Жезқазған	48	43	26	0,295	0,340	0,182
Батыс Қазақстан	36	35	9	0,150	0,163	0,046
Қарағанды	116	122	80	0,219	0,275	0,182
Қызылорда	19	20	4	0,110	0,161	0,032
Көкшетау	40	16	21	0,164	0,080	0,100
Қостанай	60	63	55	0,143	0,170	0,159
Маңғыстау	19	21	6	0,142	0,180	0,061
Павлодар	63	46	47	0,179	0,155	0,172
Солтүстік Қазақстан	26	25	25	0,109	0,111	0,132
Семей	40	39	28	0,221	0,160	0,165
Талдықорған	24	25	19	0,092	0,130	0,107
Торғай	39	18	21	0,418	0,196	0,223
Оңтүстік Қазақстан	62	47	27	0,109	0,098	0,066

2-Қосымша

Еңбек қорғау жөніндегі атқару және нормативтік
актілерді өзірлеу бойынша шаралар

Шаралар	Орындауға	Орындау
	жаяуптылар	мерзімдері, жыл
1	2	3

1. Атқару актілерін өзірлеу мен оларды
қарастыру және бекітуге енгізу

Өнеркәсіптегі қауіпсіздік туралы Өнеркәсіпсаудамині, 1997
ереже Еңбекелеуметмині

Қауіпті заттар туралы ереже Денсаулықмині 1997

Салалық әскерилендірілген тау-кен Мұдделі министрліктер, 1997
құтқару, фонтанға қарсы және ведомстволар
газдан құтқару бөлімдері туралы
ереже

2. Өндірістік қызмет қауіпсіздігінің құқықтық
негіздерін қамтамасыз ететін еңбек қорғау
жөніндегі нормативтік актілерді әзірлеу
және бекіту

Женілдік берілген зейнетақымен Еңбекелеуметмині, 1997-1998
қамтамасыз етуге құқық беретін Денсаулықмині
өндірістердің, жұмыстардың,
лауазымдық мамандықтардың және
көрсеткіштердің тізімі (N 1 және
N 2 тізімдер)

Жұмысшылар мен қызметшілерге Еңбекелеуметмині, 2000
арнайы киімдерді, аяқ киімдерді Денсаулықмині,
және басқа да дербес қорғаныс мұдделі
құралдарын тегін берудің министрліктер,
салалық үлгі нормалары ведомстволар

Әйелдер еңбегін қолдануға тыйым Еңбекелеуметмині, 1997-1998
салынған ауыр және зиянды еңбек Денсаулықмині,
жағдайлары бар өндірістердің, мұдделі министрліктер,
мамандықтар мен жұмыстардың ведомстволар
тізімі

18 жасқа толмағандардың еңбегін Еңбекелеуметмині, 1998
қолдануға тыйым салынған ауыр Денсаулықмині
және зиянды еңбек жағдайлары бар
өндірістердің, мамандықтар мен
жұмыстардың тізімі

Жұмыстары қосымша демалыс пен Еңбекелеуметмині, 1997-2000
қысқартылған жұмыс күнін алуға Денсаулықмині

құқық беретін еңбектің зиянды
жағдайлары бар өндірістердің,
мамандықтар мен лауазымдардың
тізімі

Жұмыстары еңбектің өте зиянды Денсаулықмині, 1998
жағдайларымен байланысты, ақысыз Еңбекәлеуметмині,
емдеу-профилактикалық тағамдарды мұдделі министрліктер,
алуға құқық беретін өндірістердің, ведомстволар
мамандықтардың және лауазымдардың
тізбесі

Жұмыс істеушілерді өндірістегі Еңбекәлеуметмині, 1997-1998
бақытсыз жағдайлардан және кәсіби Денсаулықмині,
аурулардан әлеуметтік сақтандыру Кәсіподактар
кезінде сақтандыру жарналарының Федерациясының
тарифтерін саралау үшін Кеңесі
кәсіпорындарды өндірістік тәуекел
сыныптары бойынша жіктеу
тәртіппері туралы ереже

Өрт қауіпсіздігінің қамтамасыз Ішкісмині 1998
етумен байланысты жұмыстар мен
көрсетілетін қызметтерді
лицензиялау туралы ереженің
жобасын өзірлеу және зандық
тәртіппен енгізу

Еңбек қорғау саласында Мамандар Еңбекәлеуметмині, 1997
даярлаудың, қайта даярлаудың Денсаулықмині,
және олардың біліктілігін Біліммині
арттырудың тәртіппері туралы
ереже

Зиянды және қауіпті химиялық Еңбекәлеуметмині, 1997
жаңа заттарды шығару, сату,
пайдалану және кәдеге жарату Денсаулықмині,
тәртіппері туралы ереже Мемстандарт

3. Еңбек қорғау жөніндегі қолданылып жүрген
нормалар мен тәртіптерді қайта қарау және
жаңаларын өзірлеу:

Қазақстан Республикасының еңбек Мұдделі министрліктер 1997-2000
қауіпсіздігі саласындағы ведомстволар,
стандарттары кәсіпорындар

технологиялық процестерді, Денсаулықмині, 1997-2000
жабдықтарды, құрал-саймандарды Мұдделі
ұйымдастыруға қойылатын министрліктер,
санитарлық тәртіптер мен ведомстволар
нормалар, гигиеналық талаптар

өндіріс ортасының физикалық, Бұл да 1997-1998
химиялық, биологиялық факторлары
әсерінің жол берілетін дозасының
гигиеналық нормативтері

электр қауіпсіздігі тәртіптері Энергиякөмірмині 1997-1998

еңбек қорғау жөніндегі тәртіптер, Еңбекөлеуметмині, 1997-2000
ережелер, салааралық мәні бар Денсаулықмині
еңбектің жағдайлары мен оны
қорғау жөніндегі нұсқаулар,
әдістемелер, ұсыныстар және
басқа да нормативтік құжаттар

3-Қосымша

Қауіпсіздік жабдықтары мен аспаптарының ТІЗБЕСІ

NN | Қауіпсіздік жабдықтарының, аспаптарының атаулары
p/c|

1 | 2

1. Өртке қарсы жұмсалатын жабдықтар:

Богдановтың жартылай бұрандалары Д-51-120 мм;
өтпелі бұрандалар Д-51-77;
дыбыс өшіргіш Д-5177;
өрт бағаналары РС-70, РСК-50;
өрт сөндіргіштердің құрама бөлшектері ОПУ-2, ОПУ-5,
ОЕПО-100;
тығыздау вентилінің тұтқасы;
аспаптарға арналған ажыратқыш ОМУ-РГ-9;
өрт колонкалары, су элеваторлары, көбік араластырғыштар ПС-5,

шарбақ торлары, сорғыштар ПН-40У, өрт сөндіргіштер

2. Ауаны сынауға алатын АМ-5 м аспаптары және газ қоспаларын экспресс-әдіспен анықтауға арналған индикаторлық түтіктер, медициналық жиналмалы зембілдер
3. Төбе жабындарын қарау мен жинау жөніндегі өздігінен жылжитын СП-18, СП-8 үлгідегі қондырғылар, шахталық сорғыш құрылғылар.
4. Шахталық торлардың, скиптердің, адам тасуға арналған вагондардың және ВМ, шахталық желдеткіштері, құрылғылары,

бұргылау станоктары.

5. ПМЗШ зарядты машиналары, шахталық көтеру лебедкалары, ЗПВ үлгідегі ВМ жүк тиеу және түсіру тетіктері.
6. "Сигнал-6" үлгідегі шахта қанатын түсіруді қорғайтын аспап, конвейерлік қондырғылар үшін түйіктаушы құрылғылар, АЗПК үлгідегі көп қанатты машиналарда қанаттардың жылжып кетпеуін қорғайтын аспап, ЭОС-29/14 көтеру машиналарының жылдамдығын шектейтін аппаратура.
7. КВП-1/100 м, ПВН-100 м, ВМК-500 үлгідегі жарылыс жұмыстарын жүргізетін, сондай-ақ Р-3043, ИМС-1, ЕМС-1, ОКЭД-1 үлгідегі жарылыс торын бақылайтын аспаптар және авария туралы сымсыз хабар беретін "СУБР" немесе "Земля-3м" үлгідегі аппаратуралар
8. Оттегі-дем алу аппаратуrasesы, оның ішінде 2-және 4-сағаттық жұмыс істейтін респираторлар, УКП-5 респираторларын тексеретін аспаптар
9. Әртүрлі тау-кен шахталары жабдықтарының электр двигательдері, крандар

10. Тау-кен шахталарын жабдықтауға арналған "КИП и А" аспаптар
11. "УКП-5" ұлгідегі респираторларды тексеретін аспаптар
12. Фонтанға қарсы жаракттар
13. Байланыс құралдары
14. Гидравикалық домкраттар, қайшылар
15. Шахта шырақтарының аккумуляторлары, байланыс құралдарына арналған қорек
16. Оттегі баллондары және олардың қосалқы вентилдері
17. Оттегі баллондары
18. ВГСЧ және өртке қарсы машиналардың кузовтары
19. Көбікті өрт сөндіргіштер және оларды тексеретін аспаптар
20. Шахта шырақтарының корпустары мен бастары
21. Монометрлер
22. Фонтанға қарсы жабдық, лебедкалар
23. Бұрандалы сүйретпелер
24. Әкті химжұтқыш
25. АСОН жоғарғы кернеудегі автоматтық белгі беруші, жүк көтергіштікті шектеуіш (ЖКТ)
26. ШИ-10, ШИ-11 шахта интерферометрін қоректендіретін элементтер
27. Шахтаның ойылып алынатын участекерінде кенеттен шығарылатын қалдықтарымен қауіпті ауаның ағынмен шығу шығының өлшейтін орталықтандырылған телебақылау аппаратуrasesы
28. Ақпарат беретін аппаратура және қысым беруші
29. Жергілікті автоматтық басқарылатын тұйықтағы өнімдерді жоспарлы түрде газсыздандыруға арналған қондырғы
30. Электрондық тасымалды анемометр-секундомер 0,2-20 м/с "АЛИМ-1"
31. Датчиктерді тексеретін аэродинамикалық стенд
32. Метанның жоғарғы қоспаларының датчигі (100%-ке дейін)
33. Шахта шырақтары мен метан белгі берушісіне арналған сыйымдылығы 12 А/4 аккумуляторлық батарея
34. СШ-2, Сигнал-2 тасымалды метан белгі бергіштері
35. ШИ-10, ШИ-11 шахталық интерферометр
36. СМС метан белгі бергіштері
37. Тұйықтағы өнімдерді жедетуді бақылау аппаратуrasesы
38. Тау-кен өндіру және металургия кәсіпорындары үшін газға талдау жасаушылар
39. Тұрақты, автомобильдік және тасымалды УКВ радиостанциялары
40. Фонтанға қарсы арматура, скважина сағасын және қалдыққа қарсы жабдықтау жабдығы

4-Қосымша

Еңбекшілерді санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен
қамтамасыз ету, әлеуметтік, медициналық және
кәсіби оңалту орталықтарын құру

NN	Шаралар	Орындауға	Орындау
p/c		жауаптылар	мерзімдері,
			жыл
1	2	3	4
1.	Кәсіпорындар мен ұйымдарда санитарлық-тұрмыстық жаңа үй-жайлар салу және жұмыс істеп жатқандарын кеңейту	Мұдделі министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар	1997-2000
2.	Кәсіби ауруларға ұшыраған жұмысшыларды оңалту орталықтарын құру туралы ұсыныстар дайындау	Денсаулықмині, Өнеркәсіпсаудар облыстардың, Алматы қаласының әкімдері	1997-2000
3.	Қарағанды және Өскемен қалаларында шахтерлер мен тау-кен құтқарушылары үшін оңалту орталықтарын құру туралы ұсыныстар дайындау	Өнеркәсіпсаудар Энергиякөмір мині, Денсаулықмині	1997-2000
4.	Кәсіби аурулардың алдын алу, анықтау, емдеу және одан оңалту жөнінде Алматы қаласында Респубикалық алдын алу орталығын құру туралы ұсыныстар дайындау	Денсаулықмині, Өнеркәсіпсаудар Ауылшармині	1997-2000
5.	Құтқарушыларға, азаматтық қорғау әскерлеріне және апаптарды жоюға қатысқан адамдар үшін медициналық жөніндегі оңалту орталығын құру үшін ұсыныстар дайындау	Төтенше жағдайлар мемлекеттік комитет	1997-2000
6.	Алматы қаласында 100 төсектік	Еңбекәлеуметмині	1997-2000

емханасы бар
медициналық-әлеуметтік сауықтыру
орталығын салуды көздей отырып,
мүгедектерді оңалту жөнінде
базалық ғылыми-әдістемелік орталық
құруды жүзеге асыру

7. Қызыметкерлердің жұмыстарды Денсаулықмині, 1997-2000
орындауға кәсіби жарамдылығын Еңбекәлеуметмині
уақтылы анықтау және кәсіби
аурулардың алдын алу мақсатында
медициналық алдын ала тексерудің
жетілдірілген жүйесін әзірлеу

5-қосымша

Жұмыс істеп жүргендерді арнайы киіммен және
дербес қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету

NN	Шаралар	Орындауға	Орындау
p/c		жауптылар	мерзімі,
			жыл

1 | 2 | 3 | 4

-
1. Арнайы киімдерді, арнайы аяқ Еңбекәлеуметмині 1997-1998
киімдерді және басқа да дербес
қорғаныс құралдарын беру, сақтау,
пайдалану және алдын ала өндіреу
тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлеу
2. Дербес қорғаныс құралдарының Қазконтракт, 1997-2000
прогрессивтік түрлерін өндіруді мүдделі
(сатып алуды) үйымдастыру: министрліктер,
ведомстволар
а) Арнайы киімдер

төменгі температура жағдайларында
жұмыс істеушілер үшін (мынқ
комплект);

жоғары кернеулі электр қондырғылары тудыратын электр өрісі әсер аймағында жұмыс істеушілер үшін (мың комплект); жоғары температура мен жылыштық сәулеленуден қорғау үшін; әртүрлі қоспадағы қышқылдардың ерітіндісінен қорғау үшін; мұнайдан, мұнай өнімдерінен, майлардан және жануарлар майынан қорғау үшін; судан және уытсыз заттардан қорғау үшін; уытты заттардан қорғау үшін; шаңдан қорғау үшін; қарқынды механикалық әсерлерден қорғау үшін

б) Қолды қорғау құралдары

(мың жұп)

қолғап

в) Арнайы аяқ киімдер

(мың жұп)

былғары;

резина;

жұн

г) Тондық қой терісінен

тігілген және мех

бұйымдары

ішіктер, шолақ тондар, шолақ

палто (мың дана);

костюмдер, курткалар,

кеудешелер (мың дана);

бас киімдер, қолғаптар,

шұлық және ұйықтар

д) Қарапайым алдын ала

қорғау құралдары

басты, бетті, көзді, есту және
тыныс алу органдарын, қолды
қорғау жабдықтары, алдын ала
қорғау белбеулері (мың дана);
"Беруші" шуға қарсы
жапсырмалар (млн. дана);
резина, трикотаж қолғаптар
(мың жұп);
сілтілерден және қышқылдардан
қорғауға арналған комплектілер
(комплект);

Ескерту: Дербес қорғаныс құралдары үйымдардың тапсырысы бойынша
шығарылады.

6-қосымша

Еңбек қорғауды ғылыми қамтамасыз ету шаралары

NN Шаралар	Орындауға	Орындау
p/c	жауаптылар	мерзімі,
		жыл
1 2	3	4

1. Еңбек қорғау саласында ғылыми Еңбекәлеуметмині, 1997-1998
әзірлемелермен айналысып жатқан Біліммині,
үйымдарда ғылыми кадрлардың Денсаулықмині
сақталып келген әлеуетін және
ғылыми-зерттеу базасын зерделеу,
осы үйымдардың әрқайсысының
мамандануын және ондағы ғылыми
кадрлардың санын есепке ала
отырып олардың қызметтерінің
бағытын анықтау
2. Еңбек қорғау жөніндегі жұмыс Еңбекәлеуметмині, 1998
істеп тұрган институттардың Денсаулықмині,
(Ғылым министрлігі - Ғылым Ғылыммині - Ғылым

- Академиясы жанындағы Академиясы
КазНИИБГП, КазНИИОТИЭ,
Денсаулық сақтау министрлігі
жанындағы Гигиена және кәсіби
аурулар ФЗИ) негізінде
Республикалық еңбек қорғау,
гигиена және кәсіби аурулар
саласындағы зерттеулерді
үйлестіру жөніндегі орталық
құру туралы ұсыныстар дайындау
3. Еңбек қорғау жөніндегі Еңбекәлеуменетмині, 1998
Мемлекеттік ФЗИ құру туралы Денсаулықмині
ұсыныстар дайындау
4. Республикада "Еңбек қорғау және Еңбекәлеуменетмині" 1997
техникалық қауіпсіздік" деген
журналдың шығарылуын үйымдастыру
жөнінде ұсыныстар әзірлеу
5. 2000 жылға дейін еңбек қорғау Еңбекәлеуменетмині, 1997-2000
жөніндеғы ғылыми-зерттеу Ғылыммині - Ғылым
жұмыстарының мақсатты Академиясы
бағдарламасын әзірлеу, онда
мына проблемаларды зерделеу
көзделеді:
енбек қорғау саласында экономика Еңбекәлеуменетмині, 1997-2000
салалары дамуының қазіргі Ғылыммині - Ғылым
экономикалық деңгейін және Академиясы
үйымдар мен аймақтардың
экономикалық дербестігін
көтеруді есепке ала отырып,
әлеуметтік саясат қалыптасуының
ғылыми негіздерін әзірлеу
- өндірістік орта факторларының Денсаулықмині, 1997-2000
зияндылығы мен қауіптілік Гигиена және кәсіби
көрсеткіштері бойынша еңбек аурулар ФЗИ,
жағдайларын бағалаудың ҚарММИ
гигиеналық өлшемдерін әзірлеу
- әртүрлі санаттағы еңбекшілерді ТӨЖҚҚМФЗИ, 1997

еңбектің қауіпсіз тәсілдері мен Еңбекәлеуменетмині,
психологиялық даярлау әдістеріне Біліммині,
бағдарламалық оқыту жүйесін Денсаулықмині,
әзірлеу және енгізу мұдделі министрліктер,
ведомстволар
бақытсыз жағдайлардан, авариялар ТӨЖҚҚМҒЗИ, 1997-1998
мен кәсіби аурулардан келетін Еңбекәлеуменетмині,
экономикалық зияндарды бағалау Денсаулықмині
және есептеу жөніндегі
әдістемелік басшылық әзірлеу

ұйымдарды, жабдықтарды және Еңбекәлеуменетмині, 1997-1998
технологиялық процестерді Денсаулықмині,
жобалау және пайдалану ТӨЖҚҚМҒЗИ,
сатыларында қауіпсіздік жөнінде Құрылышмині,
кешенді мемлекеттік сараптау Экобиоресурсмині
әдістемелігін әзірлеу

әйелдер еңбегінің ауыртпалығы Гигиена және кәсіби 1998-1999
мен қауырттылығына гигиеналық аурулар FЗИ,
және физиологиялық-эргономикалық Физиология және
кешенді баға беру және еңбек гигиенасы
экономиканың жетекші салаларында FЗИ
жүктөрді қолмен көтеру және
тасу кезінде жол берілетін шекті
жүктемесін әзірлеу

технологиялық процестер мен Ғылыми-зерттеу 1998-1999
жабдықтар қауіпсіздігі институттары
проблемасын зерделеу, ұжымдық
және дербес қорғаныс құралдарын
әзірлеу

7-қосымша

Еңбек қорғау бойынша мамандарды оқыту
мен кәсіби даярлау жөніндегі шаралар

NN Шаралар	Орындауға	Орындау
p/c	жауаптылар	мерзімдері,
		жыл

1	2		3		4
---	---	--	---	--	---

1. Ұйымдар тапсырысының негізінде Еңбекәлеуменетмині, 1997 еңбек қорғау жөніндегі мамандарға Біліммині, мұдделі экономикалық қажеттілікті министрліктер, зерделеу және анықтау, көрсетілген ведомстволар мамандарды даярлаудың жоспарын бекіту
2. Осы салада қолданылып жүрген Біліммині, 1997 стандарттарды зерделеуді ескере Еңбекәлеуменетмині, отырып "Эргономика және еңбекті облыстардың, қорғау" мамандығы бойынша Алматы қаласының үлгілік бағдарламалар әзірлеу әкімдері, кәсіпорындар
3. Қазақстан Республикасы Білім Еңбекәлеуменетмині, 1997-1998 министрлігінің жоғарғы оқу Біліммині, мұдделі орындарында Қазақстан министрліктер, Республикасының Еңбек және ведомстволар, халықты әлеуметтік еңбек қорғау кәсіпорындар мәселелері бойынша курстар және оқу-әдістемелік орталықтарын ашу және ұйымдар басшыларының, инженер-техникалық қызметкерлерінің және мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру
4. Оқушы жастар мен халықты кәсіби Еңбекәлеуменетмині, 1997 іріктеу және кәсіби бағдарлау Біліммині жөнінде нормативтік-әдістемелік құжаттардың жобаларын әзірлеу
5. Еңбек қорғау мәселелері жөнінде Біліммині, 1998 кәсіптік-техникалық оқу Еңбекәлеуменетмині орындарының оқушыларын даярлаудың мазмұны және көлемі бойынша қойылатын біліктілік талаптарды

әзірлеу

6. Аса қауіпті жұмыстарды істейтін Еңбекөлеуметмині, 1998 еңбекшілерге еңбектің қауіпсіз Біліммині тәсілдері мен психологиялық даярлық әдістерін бағдарламалық оқыту жүйесін әзірлеу
7. Жұмыскерлердің жоғары тәуекелдік ТӨЖҚҚМҒЗИ 1997 дәрежеде және жоғары эмоционалдық шиеленісті жағдайға кәсіби жарамдылығын бағалау тестері мен әдістерінің жүйесін әзірлеу
8. Кейбір өндірістік салалар Еңбекөлеуметмині, 1997-1998 ұйымдардың мамандары үшін еңбек мұдделі қорғау жөнінде оқу құралдарын министрліктер, әзірлеу және шығаруға дайындау ведомстволар, кәсіпорындар
9. Еңбек қорғаудың салааралық және Еңбекөлеуметмині, 1997-2000 арнаулы салалық проблемалары Мәдениетмині, бойынша "Қауіпсіздік техникасы" Баспасөз және киноальманағын, бейне-және бұқаралық ақпарат кинофильмдер дайындауды және жыл істері жөніндегі сайын шығарып тұруды ұйымдастыру ұлттық агенттік (келісім бойынша), мұдделі министрліктер, ведомстволар